

«Жолда жүру ережелерін» міндетті оқу курсына іске асыру.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы негізінде міндетті білім стандартына «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыруда және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес мектеп- гимназияда «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырылуда. 5-8 сыныптарда сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілуде. Сонымен қатар, оқушылардың жолдағы өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында «Жолда жүру» ережесі бойынша жоспар құрылып 1-8 сыныптар аралығында сынып сағаттары есебінен жұмыстар жүргізілді. Жолда жүру ережесін сақтау бойынша сынып сағаттарымен қатар, мектеп ішінде жас ерекшеліктерге сай түсіндірме жұмыстарыда жүргізілді. Атап айтсақ, мектеп инспекторлары А. Сахиева тараптарынан ай сайын түсіндіру шаралары негізге алынған. «Жол ережесін сақтайық - есен-аман болайық» ұранымен бастау алған акция негізінде әсіресе, бастауыш сынып оқушыларына көңіл бөлініп, білімдері тексеріліп, жол қозғалыс ережесі бойынша түсіндірме жұмыстары жылына екі мәрте жүргізіледі.

«Абайлаңыз – балалар!» тақырыбында жолда жүру ережелерін қатаң сақтау, оқушыларға үйрету мақсатында 2-4 сыныптар арасында сурет байқауы ұйымдастырылып, үздік жұмыстары жинастырылады.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны бойынша сұрақтары мектепшілік бақылауға қойылып, директор жанындағы кеңесте қарастырылды.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижелерін және оқушылардың жолдағы өмір қауіпсіздігін сақтау ережелерін меңгергендігін анықтау үшін мектепшілік «Қауіпсіз дөңгелек» байқауы өткізіледі.

«Абайлаңыз! Балалар!» акциясы аясында «Жолда жүру ережесін білесің бе, балақай?» тақырыбында танымдық сабақтар болып өтті. 1-4 сынып білім алушыларына «Жол белгілері және оның мақсаты» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Сынып сағаттарында оқушыларға жолда жүру кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы мәліметтер берілді. Сынып сағаттары тәртіптілікке, көшеде өздерін дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу мақсатында өткізілді.

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid032uq8DFu2JdS4yVwCkjuxgSVPMb5gmLStuMVL857uwHK8eMi7PaFi9ndacesfRACEI&id=100028599738773&mibextid=oFDknk

“АБАЙЛАҢЫЗ БАЛАЛАР!” ЖЕДЕЛ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС ШАРАСЫ ӨТІП ЖАТЫР

Жыл сайын өткізілетін дәстүрлі «Абайлаңыз, балалар!» атты жедел профилактикалық іс-шара биыл да жалғасын тапты. Бұл акцияның мақсаты – жасөспірімдердің қатысуымен орын алатын жол-көлік оқиғаларының алдын алып, балаларға жол жүру ережелерін таныстырып қана қоймай, оларды жол жүру қауіпсіздігін сақтауға дағдыландыру, сондай-ақ, балалардың жарақат алуы мәселелеріне қала тұрғындарының назарын аудару.

<https://www.facebook.com/share/p/aN98owLD9LEQkAyX/?mibextid=oFDknk>